| 964 | Тыңайтқыш Ростолон маркасы: 18-18-18 | килограмм | 1 250,00 |
| 965 | Тыңайтқыш Ростолон маркасы: 18-18-18 Ме | килограмм | 1 250,00 |
| 966 | Тыңайтқыш Ростолон маркасы: 20-20-20 | килограмм | 1 250,00 |
| 967 | Тыңайтқыш Ростолон маркасы: 3-11-26 | килограмм | 1 250,00 |
| 968 | Тыңайтқыш Ростолон маркасы: 35-0-0 | килограмм | 1 250,00 |
| 969 | Азотты-фосфорлы күкірт құрамды күрделі тыңайтқыш, маркасы 20:20 | тонна | 85 500,00 |
| 970 | Азотты-фосфорлы күкірт құрамды күрделі тыңайтқыш, маркасы 20:20 | тонна | 85 500,00 |
| 971 | Азотты-фосфорлы күкірт құрамды күрделі тыңайтқыш, маркасы: 20:20+Zn | тонна | 101 475,00 |
| 972 | Азотты-фосфорлы күкірт құрамды күрделі тыңайтқыш, маркасы: 20:20+B | тонна | 101 475,00 |
| 973 | Азотты-фосфорлы күкірт құрамды күрделі тыңайтқыш, маркасы: 20:20+BCMZ | тонна | 101 475,00 |
| 974 | Күрделі-аралас микроэлементтерімен тыңайтқыш «Биобарс-М» | литр | 1 696,00 |
| 975 | Тыңайтқыш Ультрамаг Комби, маркасы «Для бобовых» | литр | 3 150,00 |
| 976 | Тыңайтқыш Ультрамаг Комби, маркасы «Для зерновых» | литр | 3 150,00 |
| 977 | Тыңайтқыш Ультрамаг Комби, маркасы «Для картофеля» | литр | 3 150,00 |
| 978 | Тыңайтқыш Ультрамаг Комби, маркасы «Для кукурузы» | литр | 3 150,00 |
| 979 | Тыңайтқыш Ультрамаг Комби, маркасы «Для масличных» | литр | 3 150,00 |
| 980 | Тыңайтқыш Ультрамаг Комби, маркасы «Для свёклы» | литр | 3 150,00 |
| 981 | Тыңайтқыш Ультрамаг маркасы «Калий» | литр | 2 400,00 |
| 982 | Тыңайтқыш Ультрамаг маркасы «Кальций» | литр | 2 400,00 |
| 983 | Тыңайтқыш Ультрамаг маркасы «Молибден» | литр | 2 400,00 |
| 984 | ӘМБЕБАП ТЫҢАЙТҚЫШ «ГУМИМАКС-П» гуминді-минералды кешенді микроэлементтерімен | литр | 1 563,00 |
| 985 | Тыңайтқыш Феррилен 4,8 (Ferrilene 4,8) | килограмм | 3 929,00 |
| 986 | Тыңайтқыш Феррилен (Ferrilene) | килограмм | 3 929,00 |
| 987 | Тыңайтқыш Феррилен Триум (Ferriline Trium) | килограмм | 3 929,00 |
| 988 | Coveron (КОВЕРОН) тыңайтқышы | килограмм | 46 750,00 |
| 989 | Ideal P60 тыңайтқышы | литр | 2 750,00 |
| 990 | KALIBRE тыңайтқышы | литр | 3 000,00 |
| 991 | Power K тыңайтқышы | литр | 3 250,00 |
| 992 | SCUDO (Скудо) тыңайтқышы | литр | 5 450,00 |
| 993 | TIFI Max (Тифи Макс) тыңайтқышы | килограмм | 46 750,00 |
| 994 | TRAINER (Тренер) тыңайтқышы | литр | 3 675,00 |
| 995 | Сұйық азотты тыңайтқышы (КАС) | тонна | 71 766,00 |
| 996 | Сұйық азотты тыңайтқышы (КАС) | тонна | 71 766,00 |
| 997 | Сұйық кешенді тыңайтқышы (ЖКУ), маркасы: 11-37 | тонна | 133 929,00 |
| 998 | Тыңайтқышы Лебозол маркасы: Лебозол – Бор | литр | 4 260,00 |
| 999 | Тыңайтқышы Лебозол маркасы: Лебо-зол-КвадроС | литр | 11 011,00 |
| 1000 | Тыңайтқышы Лебозол маркасы: Лебо-зол – МагС | литр | 6 148,00 |
| 1001 | Тыңайтқышы Лебозол маркасы: Лебо-зол- РапсМикс | литр | 7 553,00 |
| 1002 | Тыңайтқышы Полиферт (POLYFERT) маркасы 15-7-30 | килограмм | 1 500,00 |
| 1003 | Тыңайтқышы Полиферт (POLYFERT) маркасы 19-19-19 | килограмм | 1 500,00 |
| 1004 | Тыңайтқышы Ревитаплант, маркасы: Зерновые + NPK | тонна | 1 750 000,00 |
| 1005 | Тыңайтқышы Ревитаплант, маркасы Картофель | тонна | 1 750 000,00 |
| 1006 | Тыңайтқышы Ревитаплант, маркасы Подсолнечник | тонна | 1 750 000,00 |
| 1007 | Ультрамаг Супер Цинк-700 | литр | 4 107,00 |
| 1008 | Ультрамаг Фосфор маркасы «Актив» | литр | 2 366,00 |
| 1009 | Ультрамаг Фосфор маркасы «Супер» | литр | 3 411,00 |
| 1010 | Фертигрейн Свекловичный | литр | 2 744,00 |
| 1011 | Фертигрейн Старт | литр | 4 002,00 |
| 1012 | Фертигрейн Старт СоМо | литр | 4 912,00 |
| 1013 | Фертигрейн Фолиар | литр | 2 609,00 |
| 1014 | Фертика калий сульфаты | тонна | 120 000,00 |
| 1015 | Фертика калий сульфаты (калий күкіртқышқылы) | тонна | 120 000,00 |
| 1016 | Ауыл шаруашылығы үшін Фосфогипс | тонна | 20 000,00 |
| 1017 | Калий хлориді, маркасы SOLUMOP® | тонна | 113 839,00 |
| 1018 | Калий хлоры, маркасы SiB (модификацияланған минералды тыңайтқыш) | тонна | 113 839,00 |
| 1019 | Калий хлоры, маркасы Б 45% + BMZ(aa) | тонна | 113 839,00 |
| 1020 | Цитогумат маркасы Б | литр | 675,00 |
| 1021 | ЭКОЛАЙН Бор Органический | литр | 1 250,00 |
| 1022 | ЭКОЛАЙН Бор Премиум | литр | 1 500,00 |
| 1023 | ЭКОЛАЙН Фосфитный (К) - ECOLINE Phosphite (K) | литр | 2 000,00 |
| 1024 | ЭКОЛАЙН Фосфитный (K-Zn) - ECOLINE Phosphite (K-Zn) | литр | 2 150,00 |
| 1025 | ЭКОЛАЙН Фосфитный (К-Амино) - ECOLINE Phosphite (K-Amino) | литр | 2 150,00 |

Ескертпе: Қысқартылған сөздердің толық жазылуы

| | |
|---|---|
| N - азот; | P - фосфор; |
| Ca - кальций; | Mn - марганец; |
| Mg - магний; | K - калий; |
| B - бор; | Mo - молибден; |
| S - күкірт; | Fe - темір; |
| O - оттегі; | Zn - цинк; |
| Cu - мыс; | H - сутегі; |
| Cl - хлор; | pH - қышқылдық көрсеткіші |
| Al - алюминий | |

Сыр бойы
№15-16 (20891-20892) 1 ақпан, сенбі 2025 жыл



Адам бағасы уақытпен емес, қоғамға, елге жасаған ісімен өлшенеді.Биыл тірі болғанда 70 жасқа келетін Нұрлыбек інім әу бастан әділетсіздікке жаны қас, әлсіздерге көмек беруге дайын тұратын. Адамға деген жанашырлығы, қолынан келсе жақсылық жасауға бейім болатын. Мына дүниені тәрк етіп, өмірден беймезгіл өтті. Зымыраған күн, ай, жылдар қайырылмай барады. Өйткені уақыт адамзаттың еншісінде емес.



# ЖҮРЕКТЕ ЖАҢҒЫРҒАН ЖЫЛДАР

Өмірден өтсе де көңілден кетпейтін асыл азаматтар әлі де арамызда жүргендей болады. Сыйластық арқасында бір туған бауырдай болып кетеді екен.

Аудандық партия қызметінде ұзақ жыл қызмет жасаған ағамыз Мажит Сағидатов «Ел үшін еңбек етсеңдер, біреуге міндет қылмаңдар. Ол – өзіңнің азаматтық парызың мен туған жерге перзенттік қарызыңды өтегенің. Еңбегіңнің бағасын халық береді. Сол халқың сені қолдап, сөзіңді сөйлеп жатса, онда жақсы адам болғаның, шынымен бағының жанғаны. Халқыңа жағам десең, еңбек етіп, өзіңді көрсет. Әділ бол, басшы болу – өз ісіңмен үлгілі бола білу» деп кеңесін айтып отыратын. Мен ауылдық кеңестің төрағасы (әкім) болып он жыл қызмет атқардым, Нұрлыбек Қалжатайұлы совхоз директоры болатын. Ол егін және мал шаруашылығын жетілдіру бағытында аянбай еңбек етіп, ауыл, аудан, облыс экономикасын дамытуға лайықты үлес қосты. Тәжірибесі мол, іскер басшы ретінде сабырлы, сыпайы мінезімен, ұйымдастыру қабілетімен, еңбексүйгіштігімен ел құрметіне бөленген азамат болатын.

Қызылорда ауыл шаруашылығы техникумын, Тимирязов атындағы ауыл шаруашылығы академиясын бітірген. «Мәдениет» совхозын басқарған кезде тәжірибесі толысқан, ұйымдастыру қабілеті зор маман біз қазір айтып жүрген ауыл шаруашылығын әртараптандыруды, кәсіпкерлікті, шағын өндірісті дамытуға белсене кірісті.

Ауылда 1000 бас сиырға арналған кешен тұрғызды. Сырттан сүт өнімдерін өңдейтін цех әкелді. Өзімізде ұн өнімдері дайындалды. Өсімдік майы цехын ашты. Күріш ақтайтын диірмен, бұдан басқа да игілікті істерді үйлестіріп, қыруар тірлік атқарды.

Совхоз сол жылдары аудан бойынша күріштен рекордтық өнім алып, жұмысшыларға автокөлік, қосымша, шет елдерге саяхат жасауға жолдама берілді. Халықтың әл-ауқаты көтеріліп, бір серпіліп қалды.

Жалағаш ауданы әкімнің орынбасары, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы, Қызылорда облысы әкімінің орынбасары, Жалағаш және Жаңақорған ауданының әкімі қызметін атқарды. Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі Қызылорда облысы бойынша бақылау және әлеуметтік қорғау департаментінің директоры, табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы болды.

«Мәдениет» ауылы 100 мың центнер күрішті үш рет жинады. Облыста алдыңғы қатардан көрініп, «Күріш фабрикасы» деп аталды. Еңбек дәстүрін жалғастырғаны үшін облыс жеңімпазы болып, ауылға «Волга» машинасы бәйгеге берілді. Сол кездегі облыс әкімі Бердібек Сапарбаев келіп, сөз сөйледі.

Ардақты ініміз отбасында келініміз Қатира Жүнісқызымен 3 ұл тәрбиелеп өсірді. Балаларының бәрі жоғары білімді мамандар, халыққа қызмет етуде. Нұрлыбек Жолдасбаевтың ағайын-туыс ортасында жанашыр, кішіпейіл мінезімен, шексіз қамқорлығы, жүрегімізге ұялаған жарқын бейнесі ұмытылмақ емес.

**Қуандық АХМЕТОВ.**
Жалағаш ауданы,
«Мәдениет» ауылы

# САЛАНЫҢ МАЙТАЛМАН МАМАНЫ ЕДІ



М.Саламатов атындағы Қызылорда қызмет көрсету және сервис колледжінің қызметкерлері Ы.Алтынсарин медалінің иегері, Қызылорда облысының Құрметті қайраткері, ҚР Құрметті қызметкері, «ҚР кәсіптік - техникалық білім беру саласын дамытуға ерекше үлес қосқаны үшін» медалінің иегері Сексенәлі Рахановпен қызметтес болғанымызды мақтан тұтып, жиі-жиі үлкен ілтипатпен еске алып отырамыз. Себебі, ол кісі осы саланың майталман маманы ретінде әр істі жүйесімен, жоспармен, өзінің айтуынша жұмысты адамдардың психологиясы мен қабілет деңгейіне қарай тапсырып, кейбір жерін білдірмей ғана өзі толықтырып отыратын басшы бола білді. Мекемені өз ісін жетік білетін, тәжірибесі мол, сала маманы басқарса, табыс та сол жерде, абырой да сол жерден табылатыны ақиқат қой. Біздің училище қалалық, облыстық, республикалық деңгейдегі «Жыл мұғалімі», «Үздік училище», «Үздік аспаз», «Үздік тігінші» және спорттық жарыстарда да ылғи алдыңғы орындардан көрінетін.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген ғой. Қарапайым да халықшыл, тума талант, сөзге шешен, оқығаны да, тоқығаны да бір басына жетерлік, ізденімпаз да тынымсыз ағайдың өмір жолы да қарапайым. Автокөлік жүргізушілігінен бастап, облыстық комсомол комитетінің бөлім меңгерушісі, облыстық кәсіптік-техникалық білім басқармасы басшысының бірінші орынбасары қызметіне дейін көтеріліп, №69, №9 кәсіптік-техникалық училищелерде директорлық қызмет атқарып, біздің №7 кәсіптік-техникалық училищеге басшылыққа мол тәжірибе жинап, күш-қайраты толысқан дер шағында келген еді.

Әлі есімде, бізбен танысудың алғашқы сөзін: «Ұрыста тұрыс жоқ» орынбасарларымның бәрін жақсы білемін, сіздердің де біразыңызды танимын, олай болса жұмысты бірден бастап кете беруге рұқсат етіңіздер» деген еді. Осы сөзден-ақ, ағайдың іскерлігін, талапшылдығын, жұмыс десе ішкен асын жерге қоятын жауапкершілігін танып, қызметтес болудың қиын да қызық екенін аңғардық.

Ол кісі ұжымға рухани-мәдени, әлеуметтік бағытта жаңа леп, жаңа серпін мен қарқын ала келді. Осы бағытта топішілік, мектепішілік іс-шаралар, бұрынғы дәстүрлі Жаңа жыл, Жеңіс күні, т.б. мерекелерінен басқа, Қоршаған ортаны қорғау күні, Халықаралық балаларды қорғау күні, Құстар күні және кітап оқу апталығы, т.б. әр апта атаусыз өтпейтін болды. Қазақ тілі және әдебиеті пәнінің оқытушысы М.Бекмағанбетова «Өрмекшілер күні жоқ па екен?» дегенде, Сексенәлі ағай естіп қалып:

– Тіпті «Қар күн», «Аққулар күні», «Гүлдер күні» бар, сізге тапсырма «Қызыл гүлдер, сары гүлдер, көк гүлдер. Неге мұнша қырға қаптап кеттіңдер?» тақырыбына фотомонтаж жасайсыз, екі апта уақыт беремін, – деп күлдіріп еді.

Қайран жақсы адамдар-ай, ренжімей, әдемі әзілмен әңгіменің жігін білдірмей, тапсырма да беріп үлгерді.

Осындай күндерді өткізуде ұжым мүшелерінің ашылмай, бұйығып жатқан ән айту, билеу, домбыра тарту, өлең жазу сияқты өнерлері сыртқа шығып, әрбір іс-шарадан кейін көңіліміз көтеріліп, шабыттанып қалатынбыз. Ал білім алушылар арасындағы өнерлі жастардың қабілеті көктеп шыға келді. Олар да бәсекелесіп өлең, әңгіме жазып, сурет салып, газетімізге жариялауға кезекке таласуды шығарды. Кейіннен бұл жағдай қанат жайып, дәстүрлі дағдымызға айналып қалыптасты.

Әр аптада бір іс-шараны ойлап тауып жүретін Сексенәлі ағай бір күні:

– Училищемізге Н.Бекежанов атындағы драма театрының артистерін спектакль қоюға шақырып, келістім. Аптаның аяғына келеді, – деді.

М.Мұқаметқалиев ағай:

– Ол үлкен мәдениет иелеріне мына сиқы онша емес мекемемізді қалай көрсетеміз? Оларға «Қуыс үйден құр шықпа» дегендей, ілтипат та керек шығар, – деген еді. Сексенәлі ағай:

– Бірінші сұрағыңды олар келгенге дейін өзің шешесің, екінші сұрағыңды өзіме қалдыр, – деп айтқаны есімізде.

Айтайын дегеніміз, ол кісі осының бәріне қалай уақыт тауып, ұйымдастырып жүр, күш-қуаты қалай жетіп жүр деген ой еді.

Кейінгі кезде №8 облыстық арнаулы санаториялық мектеп-интернатта директор, М.Маметова атындағы жоғары педагогикалық колледжде директордың орынбасары, кәсіптік-техникалық білім беру оқу орындары директорлар кеңесінің төрағасы, республикалық директорлар кеңесінің алқа мүшесі және кәсіптік-техникалық білім беру стандартын дайындау комиссиясы мүшесі қызметін атқара жүріп осы саладағы оқу-тәрбие жұмыстарын жақсартуға арналған елуден аса қосымша оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар жазып, бастырып, облыстың кәсіптік-техникалық білім беру оқу орындарына таратты.

«Дананың сөзі – ақылдың кені», «Маңдайға біткен марқасқа», «Тамыры терең бәйтерек», «Қаратаудан түлеп ұшқан», «Шежірелі сандар», «Сағындырған сағым жылдар», «Дара тұлға» кітаптарын шығарды. Осы шаруалардың бәріне қалай уақыт тауып жүргеніне таңғалмасқа шараң жоқ. Оның үстіне типографиямен келісіп, мектепішілік газет шығарды, оған ұжымдағы марапатқа лайық ұстаздарымызды, озат шәкірттерімізді, туған күндер мен мерейтой иелерін, оқытушылар мен білім алушылардың шығармашылық жұмыстарын, қамқоршы ата-аналарды суреттерімен жариялап, олардың мерейін тасытып, мәртебелерін биіктетті, ілгерілеуге ынталандырды.

Мекемеміздегі барлық іс-шараларға тікелей өзі араласып, ғимараттың қабаттарына ерінбей шапшаң көтеріліп, өз көзімен көрмей тынбаушы еді, оларды ауызша да, бұйрық түрінде жазбаша да марапаттау ағайдың дағдысы екен. Осы газетті кейінірек, өзінің тікелей бастамасымен, облыстық кәсіптік-техникалық мектептер қызметкерлеріне арналған «Ұлағат ұясы» етіп үлкейтіп шығарды. Ал газет-журнал шығару министрліктің рұқсаты негізінде ғана бітетін іс қой. Бұл шаруаның машақатын басынан өткізген жандар ғана біледі. Өмірлік жары Гүлнар Аманованың айтуынша Сексенәлі ағай таңертең оянғаннан, көзі ұйқыға кеткенше қолынан қаламсабы мен телефоны түспейтін.

Сексенәлі ағайдың «Ғасыр адамы» байқауына қатысып, «Шабыттың шыққан шыңына» номинациясын жеңіп алғанын, Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасын, партиялардың, облыс әкімінің Алғыс хаттары иеленгенін мақтанышпен айтуға тиіспіз. «Мақтанатын ісің болса мақтан, мақтайтын досың болса мақта» депті ғой бабаларымыз.

Жоғарыда айтқанымыздай, ол кісі ұстаздарымыздың, өндірістік оқыту шеберлерінің сабақ үстіндегі, жиналыстар барысындағы сөз сөйлеу мәнері мен шеберлігіне ылғи мән беріп, ескерту жасап, түзетіп, сөздің құдіретін, мәселелерді шешудегі сөздің ролін ерінбей тәптіштеп айтып отыратын. Ақын Жүрсін Ермановтың «Аттан жығыл, жығылсаң оқасы жоқ. Жығылуға болмайды сөзден, балам» дегенін естеріңе сақтаңдар деуші еді.

Кейбір басқосуларда ағай міндетті түрде туған ауылы «Бірлікті», шұрайлы да көркем мекен деп, ондағы көнекөз қарияларды мақтай бастайтын. Жаңақорған ауданының мен туып-өскен «Бірлік» ауылына бардыңдар ма, бармасаңдар, мен шақырам, келіңдер деп:

– Атың қандай әдемі,
Айналайын «Бірлігім».
Бірліктен бастау алады,
Өмірдің барлық тірлігі.
«Бірлік болмай, тірлік жоқ»,
Ауылдастарымның ұраны.
Жансаям Атамекенге,
Барғым келіп, барғым-ақ келіп тұрады,

– деп, жүзі жайнап, кемелдене толқып, рахаттанып отырғанын көзіміз көрді.

Сексенәлі ағай жүзі жарқын, «жеті қырлы, бір сырлы» өнерлі, ұйымдастыру қабілеті ерекше дамыған, адамдармен күле сөйлесіп тез тіл табысып өзіне тартып алатын сиқырлы тылсым сезімі қалыптасқан, сөзге шешендік қабілеті арқасында барған жердегі жұмысын бітірмей қайтпайтын, көңілден кетпес ақжарқын жан ретінде есімізде ұзақ уақыт сақталады.

Сексенәлі ағай салған ізгіліктің ізі өзі құрметтеген, өзін құрметтеген ел-жұртының көкейінен ұмытылмас орын алды.

Біздің де айтпағымыз осы еді.

**Сұлушаш ИБРАЕВА,**
**Қадиша БЕКБЕРГЕНОВА,**
**М.Саламатов атындағы Қызылорда қызмет көрсету және сервис колледжінің ұстаздары**

## «Қызылорда облысы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2020 жылғы 29 мамырдағы №434 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Қызылорда облысы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2020 жылғы 29 мамырдағы №434 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №7504 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда облыстық мәслихатының төрағасы М. Тлеумбетов**

Қызылорда облыстық мәслихатының 2025 жылғы «__»_________ № ____ шешіміне қосымша
Қызылорда облыстық мәслихатының 2020 жылғы 29 мамырдағы № 434 шешімімен бекітілген

Қызылорда облысы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен алушылар санаттарының тізбесі

1. Қызылорда облысы бойынша тұрғын үй сертификаттары Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі бекіткен ипотекалық бағдарлама және (немесе) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тұрғын үй құрылысы мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде ипотекалық тұрғын үй қарыздарын пайдалана отырып, азаматтардың тұрғын үйді меншігіне алу құқығын іске асыру үшін қарыз сомасының 10%, бірақ 1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) теңгеден аспайтын мөлшерді құрайды.

2. Тұрғын үй сертификаттарын алушылар санаттарының тізбесі:

1) Ұлы Отан соғысының ардагерлері (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған);

2) жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған);

3) басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған);

4) бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған);

5) мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылар (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған);

6) «Кейбір созылмалы аурулардың ауыр нысандарының тізімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 16 ақпандағы № ҚР ДСМ-14 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №26830 болып тіркелген) аурулар тізімінде аталған кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерімен ауыратын адамдар (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған);

7) жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған);

8) кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған жиырма тоғыз жасқа толмаған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар. Мұндай адамдардың жасы әскери қызметке шақырылған кезде мерзімді әскери қызметтен өту мерзіміне ұзартылады (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған);

9) қандастар (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған);

10) экологиялық зілзалалар, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан тұрғын үйінен айырылған адамдар (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған);

11) «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған);

12) мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерін, әскери қызметін орындау кезінде, ғарыш кеңістігіне ұшуды дайындау немесе жүзеге асыру кезінде, адам өмірін құтқару кезінде, құқық тәртібін қорғау кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) адамдардың отбасылары (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған);

13) толық емес отбасылар (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған);

14) мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлер, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған).

БРИФИНГ

# ЖЕР ДАУЫ КӨБЕЙГЕН

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотында өткен жылғы атқарылған ауқымды жұмыстар туралы баспасөз конференциясы өтті. Оған сот төрағасы Г. Мырзатаева, облыстық соттың әкімшілік істер жөніндегі алқа судьялары К.Қаниева, Ш.Мәлікова қатысты.

Былтыр 1201 талап қою ісі түскен. 88 әкімшілік іс қалдықта қалып, 32 әкімшілік іс біріктіріліп, 6 іс соттылығы бойынша жолданған. Барлығы 1198 әкімшілік іс аяқталып, оның ішінде 343 іс бойынша шешім шығарылған. Қанағаттандырусыз қалған 71 іс болса, 588-і қайтарылған, 185 әкімшілік іске жазбаша шешім шығарылған. Медиация рәсімі тәртібімен 261 іс аяқталған. Сонымен қатар 1029 әкімшілік іс бойынша сот актісі заңды күшіне еніп, 167 әкімшілік іске апелляциялық және жеке шағымдар түскен. Сотқа еңбек, тұрғын үй, жер дауы, мемлекеттік сатып алу, салық, интеллектуалды меншік дауы, қоршаған ортаны қорғау, сот орындаушыларының әрекетіне дау айту, денсаулық сақтау, құқық қорғау, сәулет және құрылыс, сақтандыру салалары бойынша істер түскен. Оның ішінде ең көбі – жер дауы, яғни 466, сот орындаушыларының әрекетіне байланысты 253 іс қаралған.

Жыл ішінде 124 ұйғарым шығарылып, мемлекеттік мекемелерге тиісті шара көруге жолданған. 105 жеке ұйғарым бойынша мекемелерде кемшіліктер мен заң бұзушылықтарға жол берген қызметкерлерге тәртіптік шара көрілгені, семинар сабақтары өтіп, талқыланғаны жайлы жауап хаттар түскен.

Әкімшілік іс жүргізу тәртібімен негізінен жария-құқықтық қатынастардан туындаған даулар қаралады. Жаңа принциптермен қаралып, соттар өз бастамасымен қосымша материалдар мен дәлелдемелерді жинай алады.

Сот шешімдерінің орындалуы ұдайы бақылауда. Орындамалмаса процестік мәжбүрлеу шараларын қолдануға негіз болады. Жауапкер соттың шешімін, татуласу рәсімдерін жүргізу нәтижесінде жасалған келісімдерді бекіту туралы ұйғарымды орындамаса, 50 АЕК мөлшерінде ақшалай өндіріп алынады. Егер оны да орындамаған жағдайда қайтадан қосымша шаралар қолданылады.

Сот мемлекеттік органдар мен заңды тұлғалардың қатысуымен дөңгелек үстел, тренинг, семинарларды тұрақты ұйымдастырып келеді.

**Сара АДАЙБАЕВА,**
**«Сыр бойы»**




## Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Косбергенов Мурат Каирбекович (лицензия №14002321, 24.02.2014ж.) 2024 жылдың 7 қазанында қайтыс болған азаматша Абенова Айнур Жумабергеновнаның атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Көшербаев көшесі 203, тел.: 8 778 235 08 08, 8 777 067 92 37.

Сыр бойы

№15-16 (20891-20892) 1 ақпан, сенбі 2025 жыл

# ЖАСТАР ТӘРБИЕСІ – ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК



Алқа мәжілісінде «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың республикалық «Ана тілі» газетіне берген сұхбаты бойынша облыстағы ардагерлер ұйымдарының алдағы міндеттері» тақырыбында облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаевтың баяндамасы тыңдалды.

– Мемлекет басшысы «Ана тілі» газетіндегі сұхбатында: «Бір ғана тілегім, ақыл-кеңесім бар: жас азаматтарымыз дүниетанымы тұрғысынан жасампаз, ойлау қабілеті жағынан сындарлы болуға тиіс, олар жақсы мен жаманның аражігін ажырата білуі керек. Жастарымыз халқымыздың болмысына жат идеялардың жетегінде кетпесе, күйзеліске түспесе, нигилизмге бой алдырмаса екен деп тілеймін. Олардың белсенді, тәртіпті, білімпаз, еңбекқор болғанын қалаймын» деген болатын.

Бұл сөзді бізге жүктелген міндет деп білуіміз керек. Қазыналы қарты болмаса, қарақты ағасы болмаса жастар жаман мен жақсының аражігін қалай ажыратпақ? Сондай-ақ Қасым-Жомарт Кемелұлы аталған сұхбатында лудоманиямен, яғни құмар ойындарға салынушылықпен күреске қатысты заң күшіне енгенін айтты. Занда букмекерлік кеңселер мен тотализаторлардың жарнамасына едәуір шектеу қойылған, кәмелетке толмағандарды құмар ойынға тартқаны үшін әкімшілік жауапкершілік белгіленген, аты-жөні борышкерлердің бірыңғай тізіміне енгізілген азаматтардың құмар ойын ойнауына тыйым салынған.

Президент сөз етіп отырған мәселе – талай шаңырақты шайқалтқан, адамдарды қылмыс жасауға, өзіне қол жұмсауға итермелеген қазіргі қоғамдағы ең үлкен проблемалардың бірі. Сондықтан бұл мәселеге бүкіл қоғам жауапты болу керек деп есептейміз, деді С.Дүйсенбаев. Кеңес төрағасының айтуынша, осы мақсатта ардагерлер кеңесі қоғамдық даму басқармасымен арнайы меморандумға қол қойған. Оның аясында жастарды еңбекқорлық, кәсібилік, адалдық, еңбек даңқы, ата-бабаның ұлттық салт-дәстүрінде тәрбиелеуде бірлескен жұмыстар ұйымдастырылады.

Біз, ұлағатты сөзімізбен де, ісімізбен де жастар тәрбиесіне әр күн сайын үлес қосуға дайын болуымыз қажет, – деп тоқталды С.Дүйсенбаев.

Жарыссөзде Шиелі аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ө.Исмайыл, облыстық білім саласы ардагерлер кеңесінің төрағасы Ғ.Бекенов, облыстық ардагерлер кеңесінің алқа мүшесі Ә.Қалтаев сөз алып, күн тәртібінде қаралып отырған мәселеге байланысты ой-пікірлерін ортаға салды. Ардагерлердің пікір алмасуы барысында Мемлекет басшысының сұхбаты кеңінен ашылып, онда көтерілген мәселелердің орындалуына аға буын қауымы жауапкершілікпен атсалысатыны айтылды.



Күн тәртібінде аймақтағы ардагерлер кеңестерінің алдағы міндеттері, яғни елдегі қоғамдық-саяси ахуалды басшылыққа ала отырып, 2025 жылға әзірленген жұмыс жоспары таныстырылды. Сондай-ақ ішкі құрылымды жетілдіру мен ардагерлер қозғалысын көпшілікке таныту мақсатында кезекті пленумды шақыру мәселесі қаралып, бекітілді.

**Ғазиза ӘБІЛДА,**
**«Сыр бойы»**

1-бет

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ЖЫЛЫ

# ТІГІНШІНІ ИНЕСІ АСЫРАЙДЫ



– Бала күнімнен тігін тігуге қызығушылық болды. Бірақ өзге мамандықты таңдадым. Жоғары білім алдым, жұмыс істедім. Сонда да тігін тігуді көңілім қалап тұратын. Көп ойланып бір шешімге келіп, Текей батыр Қарпықұлы атындағы жоғары колледжіне түсіп, тігінші мамандығын бітірдім. Соңғы курста шәкіртақымды жинап, ескі тігін машинасын сатып алдым. Бірге оқитын қыздармен бірігіп, шеберхана аштым. Алғашқы жұмысымды мектеп формасын тігуден бастадым. Студент болғандықтан білмегенімді ұстаздарымнан үйрендім. Тәжірибе жинай жүріп, шыңдалдым. Шағын бөлмеде отырып-ақ көптеген тапсырыс орындадым. Келушілер алғыс айтқан сайын жұмысыма деген шабытым еселене түсті. Тапқан табысымды жинап, тағы да тігін машинасын сатып алдым. Жұмыс ауқымы кеңейіп, өзге де тапсырыстарды қабылдап, екі адамды тұрақты жұмысқа қабылдадым, –дейді ол.

Еңбекқор қыз қаладағы бірнеше той салонымен келісімге келіп, қыз ұзату көйлектерін де тігеді. Қазақы үлгідегі камзол, сәнді көйлектің оюөрнектермен көмкерілуі, сапалы мата қолдануы оның жұмысының жоғары деңгейін байқатып тұрады. Бұдан бөлек, қалпына келтіру, ескі киімді заманауи үлгіде келістіру сынды шаруаға да икемді. Құрал-жабдықтарын түгендеп, соңғы үлгісіне қол жеткізді.

– Еңбек етемін дегенге мүмкіндік көп. Осы кезге дейін кәсібіме тек жеке қаражатымды жұмсадым. Енді жұмыс ауқымын кеңейту үшін мемлекеттік бағдарламаларға қатыссам деймін. Көпшілікте тігін тігуде мол табыс болмайды деген түсінік қалыптасқан. Бірақ бұл – қате пікір. Көзге көрінбейтін шаруа секілді шығар. Алайда, келушілердің қарасы көп. Кейде бір киімді қысқартып немесе өзгертіп беру үшін екі-үш апта керек. Себебі, үлгере алмаймыз, демалыссыз жұмыс істейтін кездер де болады.

Бұрын бала кунімізде әрбір үйде тігін машинасы болатын. Киім, төсек жабдықтары сынды керекті заттарды анамыз өзі тігетін. Қыз жасауын, көрпе-төсегін асарлатып бітіретін. Қазір тігіншіге беріп, аз уақыттың ішінде көздің жауын алатын мүлікті дайын етеді. Сондықтан болар тігін шеберханасы көп. Үйден жұмыс істейтіндері қаншама. Қарапайым мысал, баласының жейдесіне түйме тақтыруға келетін ата-аналар көп. Бұл біздің жұмысымызға деген сұраныстың жоғары екенін білдіреді, – дейді ол.

Шебер көп ізденіп, жаңа технологияның мүмкіндігін кәдеге жаратады. Қайырымдылық іс-шараларынан да қалыс қалмайды, демеушілік білдіріп, игі іске атсалысып келеді. Биыл екінші тігін цехын ашуды көздеп отыр. Тиісті құжаттарын әзірлеп, мемлекеттік бағдарламаға қатысып көрмек.

– Тігін тігу үшін адамға ептілік, шеберлік, шыдам керек. Сонда ғана жасаған дүниең үйлесім тауып, әдемі болады. Еңбек өсіреді, қанаттандырады, жетістікке жетелейді. Тапсырысты орындау үшін көз майымызды тауысып, қолды ойып жұмыс істеген кездер болды. Есесіне, жемісін көрдік. Бірден жетістікке жете аламын, бәрі бола қалады деген ой қате. Үлкен не болмаса шағын кәсіп болсын, өсу, кедергілерден өту сатысынан тұрады. Соған шыдамдылық танытып, сүрінген кезде қайта тұруды үйренсең, түбі жақсы болады. Мысалы, шағын бөлмеде, ескі тігін машинамен бастаған ісім нәтижесін берді. Тек күндіз-түні еңбек ете бердім,–дейді ол.

Рас, кейіпкер сөзінің жаны бар. «Еңбек етсең, емерсің, ерінбесең жеңерсің» деп бекер айтылмаған.

**Сара АДАЙБАЕВА,**
**«Сыр бойы»**

1-бет



МЕРЕЙ

Қазақ халқының ежелгі заманнан бері көздің қарашығындай сақталып келе жатқан қасиетті мұрасы ол – күй өнері. Ата-бабамыздың басынан өткен қайғы-мұңы, қуанышы, әділетсіздікке қарсы күресі, азат өмірді аңсаған асыл арманының бәрі қара домбыраның шежіре тұнған шанағынан төгіледі. «Әлі есімде, алты жас шамасындамын. Әкем шағын домбыра шауып берді. Өте әдемі, дыбысы да керемет, бірақ ешкім тарта алмайды. Бір күні әлгі домбыраның тиегін шанағына түсіріп алдым. Әрі-бері мықшыңдап ала алмаған соң домбыраны сындырып тиегін алдым. Әкем кешке жұмыстан келгесін сынық домбыраны көріп, маған қарап басын шайқап, таңдайын бір қақты да, үндемеді. Сонымен менің домбырашылық «карьерам» бітті» деп ұстазым, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының профессоры Төлепберген Тоғжанов әзілдеп айтып отырады.

# Сырлы сарын

Ол бес жасынан домбырашылар үйірмесіне қатысып, 1975 жылдан бастап, музыка мектебіне белгілі домбырашы Тасболат Сқақовтың сыныбына қабылданған. Тәлім алып жүріп, Алматы қаласында өткен музыка мектептері арасындағы сайыста жүлделі екінші орын лауреаты атағын иеленді.

1980-1984 жылдары музыка училищесінде тәлім алды. Училище қабырғасында оқып жүріп, Семей қаласында өткен республикалық музыка училищелерінің арасындағы конкурста лауреат атанды. 1984-1991 жылдар аралығында қазіргі Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясын Айтқали Жайымовтың сыныбынан тәмамдаған. Консерваторияда оқып жүріп республикалық және халықаралық конкурстардың лауреаты болды.

Ұстаздығы бір төбе, адамгершілігі бір төбе, үлкенге құрметпен, кішіге ізетпен қарайтын Төлепберген Тоғжанов Мәдениет қайраткері, Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі, өнертану доценті, Білім беру ісінің құрметті қызметкері, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының профессоры атағына ие болды. Ұстаз 20 оқулық, ғылыми-әуендік және тарихи-әуендік кітаптардың, көптеген оқулықтардың, 50-ге жуық ән-күйдің, 100-ге жуық ғылыми, публицистикалық мақала авторы.

Белгілі жырау Алмас Алматовпен бірлесіп жыраулық, жыршылық өнердің орындаушылық үлгісін жаңғырта жалғастыру және жаңа ұстанымын қалыптастыруға арнап «Көроғлы» оқу құралын жазған. Онда Рүстембек Жиенбаевтің орындауында 12 шығарма, Көшеней Рүстембековтің орындауында «Көроғлы» эпосының 14 мақамы, 14 ән, терме-толғау, Бидас Рүстембековтің орындауында «Көроғлы» эпосының 2 мақамы нота жазбасына домбыра сүйемелдеуімен бірге түсірілген. Нотаға түсірген Т.Тоқжанов. Сыр сүлейлері Жаңаберген, Жаппарберді, Жансүгір, Дәріғұл жыраулардың мақамдары және Арал, Қазалы өңірінің жыр-күйлерін жинақтап, «Сырлы сарын» атты музыкалық-этнографикалық жинақ ретінде алғаш рет жарыққа шығарды. Төл туындыларымен қатар Еуропа классиктерінің шығармаларын қос домбыраға және домбыра мен фортепианоға лайықтап, Сыр бойында өмір сүрген күйші-композиторлардың күйлерін ансамбльмен оркестрге түсірген еңбегі қазақ өнерінің дамуына қосқан үлкен үлес.

ҚР Халық артисі Қ.Ахмедияровтың «Төлепберген соңғы жылдары шетел композиторларының шығармаларын домбыраға лайықтаумен қатар өзінің жеке басының тағдыры мен қазақ халқының өткенін, бүгінін, болашағын саз арқылы шебер суреттеген. Домбыра аспабының бүгінгі күнге жетіп отырған жетістіктерін ойнау тәсілдері, қағыс ерекшеліктерін сарқа пайдаланып, жылдың он екі айына арнап шығарған туындылары қазақ музыкасындағы елеулі жаңалық деуге болады. Табиғаттың әр айының ерекшелігін суреттей білу оның көрегендігін, сезімталдығын білдіреді» дегені осының бір дәлеліндей.

Ұстаздың төл туындыларына келер болсақ, ең алғашқы шығармаларының бірі – «Бөбегім». Осы шығармасы Төлепберген Тоқжановты күй атты көк теңізге жетелеген еді. Ұшы-қиыры жоқ көк теңіздің түбіне сүңгіген Төлепберген «Аяулы ана», «Әке өсиеті», «Неке қияр», «Шабыт», «Тілек», «Достарым», «Сағыныш», «Көшпенділер», «Өткінші», домбыра мен фортепианоға арналған «Сыр-Ана», «Тарту», «Сыр термесі», «Қамажай», «Мереке», «Жырау», «Вальс», «Концерттік этюд», «Жыл он екі ай» шығармалар топтамасы, т.б шығармаларын бірінен соң бірін төкті.

«Әке өсиеті» күйіне келер болсақ, Төлепбергеннің әкесі Төреахмет жеті сыныптық білімі болса да тарих, әдебиет және дін салаларының білгірі еді. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с), Қорқыт ата, Сырым батыр, Жанқожа, Кенесары, Наурызбай туралы, т.б әңгімелерді әкесінен естіп өсті. Бұл «Әрқашан адал бол, таза бол және білім мен еңбекті сүйе біл!» деген әке өсиетіне арналған туындысы болатын.

Консерваторияны бітіріп келгенде анасы «Періште аузыма салды ма, сені күй қанатым, күй қанатым дейтін едім, күйші болдың ғой» деп отырады екен. Анасының құрметіне «Аяулы ана» күйі өмірге келді.

Шоқтығы биік туындыларының бірі – «Сыр-Ана» атты домбыра мен фортепианоға арналған шығарма. Ағысы арынды, арнасы кең Сырдария өзенінің қазіргі кейпі Төлепбергеннің жан дүниесіне жара салғандай еді. «Сыр-Ана» шығармасына жердің көркі, елдің құты болған өзенді арқау еткен. Шығарма үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде автор бала күнінде арнасынан асып жатқан Сырдарияның асау толқындарын суреттеген, екінші бөлімде жылап ағып жатқан дарияның бүгінгі келбетін, үшінші бөлімде «Сырдария арнасынан асып-тасып ағар күні туар ма екен?» деген арман-үмітін домбыра аспабының тілімен шебер бейнелеген.

«Сыр термесі», «Жырау» шығармаларын Сыр мақамдарын домбыра мен фортепиано аспабына арқау етіп дүниеге әкелген. Жазу барысында домбыраға тән ойнау әдіс-тәсілдерін, штрихтардың жетіліп, дамуына көп көңіл бөлген.

Тарихи тақырыпқа арналған күйлерінің ішінде «Көшпенділер» күйі ерекше орын алады. «Көшпенділердің» шығуының басты себебі – жастарда отансүйгіштік сезімінің, қоғам болашағы үшін жауапкершіліктің азайғаны. «Жігерсіз жастарды, нәзік ұлдарды көп кезіктіремін. Әсіресе, өнер саласында. Өзімнен-өзім налимын. Ел мен жерді қорғамақ түгіл, қара бастарын әзер алып жүр. Ата-бабаларымыз қандай болған? Біз қандаймыз? Болашағымыз қалай болмақ?» деген сауалдар күйші-ұстаздың алаңдаушылығын туғызды. Автор жас ұрпақты ата-бабаларымыздың батырлық баяндарымен сусындатып, ұлттық рухты көтеру, рухани байлығымызды насихаттап тәрбиелеу мәселесін бетке ұстап, жастардың жігерін қайрай ма, шамалы болса да ой сала ма деген ниетпен «Көшпенділер» күйін шығарды.

Т.Тоқжановтың қазіргі кезде жиі тартылып жүрген күйлерінің бірі «Өткінші» де – адамға ой салатын, терең иірімді туынды.

Үлкен өмірге нық қадам басуымыздың бірден-бір себепшісі бола білген ұстазымызды мақтаныш етемін. Шәкірттеріңізге берер нәріңіз таусылмасын, Ұстаз!

**М.ҚҰТТЫМҰРАТОВ,**
**Қазанғап атындағы Қызылорда жоғары музыкалық колледжінің ұстазы**

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
**Марат АРАЛБАЕВ**
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А". | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 23624 Тапсырыс № 165 | Кезекші редактор **Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ**